

"Қарағанды металлургия комбинатында кокс газын тазарту цехының құрылысын жүргізу" инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 12 қаңтар N 45

Қазақстан Республикасының халық шаруашылығын сыртқы нарықта бәсекелестікке икемді өніммен қамтамасыз ету, аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында және жобаның жүзеге асыруға жоғары әзірлігін ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қарағанды металлургия комбинатында жалпы сомасы 19020879 мың жапон иеніне 250 мың Нм³/сағат кокс газын өңдеуге арналған кокс газын тазарту цехының құрылысын жүргізу және оны құрылыс басталған соң 24 айдан кейін аяқтау туралы Қарағанды металлургия комбинаты мен "Иточу" /Жапония/ фирмасы арасында жасалған контракт мақұлданды.

2. Мыналар:

жобаны қаржыландыру жапондық ЭКСИМБАНК пен жапондық "Иточу" фирмасы беретін кредит есебінен жүзеге асырылатыны;

тәуелсіз жапон консалтингті фирмасы орындаған техникалық-экономикалық негіздемені қаржыландырушы банктің қабылдағаны;

кредит бойынша аванстық төлемді алдағы уақытта өтеу есебінен "Иточу" фирмасы жүргізетіні;

кредит пен ол бойынша процентті, сондай-ақ кредитке ілеспесе төлемдердің бәрін Қарағанды металлургия комбинатының дербес өтпейтіні ескерілетін болсын.

3. Қарағанды металлургия комбинаты заем алушы ретінде аталған жоба бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне барлық кепілдікті берсін, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған жобаға кепілдік берсін.

4. Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісіне Жапонияның ЭКСИМБАНКІМЕН және "Иточу" фирмасымен жеке кредит келісімін жасау тапсырылсын.

Қарағанды металлургия комбинаты Қазақстанның Мемлекеттік даму банкісімен кредит келісімін жасасын.

5. Жобаның жүзеге асырылуын және уақтылы төлем жасалуды бақылау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК